

## **Білім – болашақ экономика негізі**

Әлемдегі ең күрделі өзгерістер бүгінгі таңда экономика саласында болып отыр. Қазір әлемдік экономика күйзеліс жағдайында болғанымен, келешегіміз де осы саланың тұрақты даму сатысына шығуына байланысты.

Экономика мен ғылым–білім салаларының бір-бірімен өте тығыз байланысы адам баласы тарихында қазіргі заманға дәл келіп тұр. Сапалы білімсіз, жаңалығы көп ғылымсыз әлем экономикасының келешегі жоқ десек көп қателеспеспіз. Сондықтан да әлемнің алдыңғы қатардағы елдерінде білімге негізделген экономика (экономика знаний) қалыптаса бастады. Біздер де, қазақстандықтар да, стратегиялық даму нысанамызды да осы бағытта айқындап отырмыз.

Бүгінгі конференцияны 70 жылдық мерейтойына арнап отырған Шайсұлтан Шаяхметұлы білімнің келешек үшін өте зор маңызы бар екенін жақсы түсіне білді. Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетті және оның аспирантурасын үздік бітіргеннен кейін республикалық білім саласында 22 жыл басшы қызметтерде, соның ішінде 6 жыл Білім министрі болды. Бұл Кеңес Одағының ыдырау қарсаңы және егемендік алған қазақ елінде күрделі реформалардың басталған кезеңі болатын. Тәуелсіз елдің білім саласындағы бағдарламасын жасау міндеті туды, оны саяси-әлеуметтік дамудың негізі ретінде қалыптастыру мәселелері күн тәртібіне көтерілді. Сөйтіп, бұрын ел тарихында болмаған күрделі де өте ауқымды жобалар, олар іске асыруға арналған кесек-кесек шешімдер басталып кетті. Олардың басты кейіпкері, ұйымдастырушысы, көшбасшысы Білім министрі болды. Министр Шаяхметовтың азаматтық тұлғасы, дарыны мен кәсіби дайындығы жоғары екенін осы істерде жұртшылық жақсы таныды. Сондықтан да Тіл білімі орталығының оның есімімен аталуы, бүгінгі конференцияның оның азаматтық жасына, ағалық жасына, мерейтойына арналуы осы бір абзал азаматқа, оның еңбегіне, артта қалдырған мұрасына құрмет хәм беріліп отырған жоғары баға.

Бүгін Қазақстандағы білім саласы арнасы кең, жан-жақты дамып келе жатқан сала. Жылына ондаған, жүздеген жаңа білім беру орталықтары шаңырақ көтеріп жатыр, шет елдермен де байланыс кеңеюде.

Халықаралық ұйымның жылда анықтайтын адами даму индексі бойынша Қазақстан 1995 жылдан 2008 жылға дейін 20 орынға ілгері жылжып, қазір әлем елдерінде 73-орында.

Жалпы халықтың сауаттылық деңгейі бойынша Қазақстан әлемде 14-орында, бірінші орында – Финляндия, Америка Құрама Штаттары – 21-орында, Үндістан – 145-орындарда.

Дегенмен, білім беру саласына қазіргі заманның талабы өктем, жоғарыда айтқанымыздай, елдің тұрақты және ұзақ дамуының өзегі. Қазіргі замандағы ұлттық байлықтың дені адами капитал болып қалыптаса бастады. Яғни халықтың игерген білім деңгейі, оны күнделікті еңбекте, жұмыста қолдану шеберлігі осы капиталды құрайды. Дүниежүзілік банктің зерттеуі

бойынша, АҚШ-тағы ұлттық байлықтың 76 % адами капитал, 19 % - өндірістік факторлар, 5 % - табиғи байлықтар. Батыс Еуропада адами капитал – 74 %, өндірістік факторлар – 23 %, табиғи байлық – 3 %. Ресей Федерациясында адами капитал – 58 %, өндірістік байлық – 10 %, табиғи байлық – 40 %. Қазақстандағы ұлттық байлықтың дені (60%-ға жуығы) табиғи байлық. Сондықтан да білім саласын дамыту, оған деген жәрдем, оны барынша жетілдіру мемлекеттің һәм қоғамның ешқашан ұмытылмас және кейінге қалдыруды күттірмейтін міндеті.

Білімнің экономикалық тұрғыдан бағасы өскен сайын оның экономикамен байланысы өте тығыз болуы керек. Осы тұрғыдан мектептің, әсіресе жоғары мектептің біздің еліміздегі бір-екі олқылықтарын айтпай кетпеуге болмайды. Біріншіден, білім беру жүйесі мен біздегі өндірістің, жалпы кәсіпорындардың байланысы төмен. Дәлелдеу үшін, бір-ақ мысал келтірейін. Дүниежүзінің біршама өңірлерінде (көптеген елдерде деп айтсақ та болады) экономика ұялы (кластерлі) негізде дамып отыр. Осындай ұяның ұйтқысы, ғылыми-біліми орталығы сол жердегі университеттер. Калифорниядағы Стенфорд университеті Америкадағы атақты «Силиконовая долина» өндірістік паркінің ұйтқысы, ғылыми негізін салушы, ұйымдастырушысы болып отыр. 7000 жоғары технологиялық компаниялар осы университеттің ықпалы арқылы бір-бірімен ұялы түрде жұмыс істейді. Инновациялық деңгейімен де өндірістің тиімділігімен де бұл дүние жүзіне үлгі кластер.

Финляндияда әлемге әйгілі Нокия компаниясы жұмыс істейді. Жан-жағындағы 120 компания онымен ұялы қызметтес. Ал енді осы дүние жүзінде тиімділігі жағынан үшінші орын алатын кластердің ұйтқысы, алатын дінгегі сол қалада 1950 жылы ашылған университет. Мамандар, кластерге керекті технологиялар дайындау да осы университеттің міндетінде болып, ол оны абыроймен орындап келе жатыр. Қазіргі заманғы университеттердің өндіріспен тығыз байланысын, олардың экономиканың жаңа, өте тиімді бағыттарын қалыптастырудағы үлкен үлесін осы мысалдардан байқауға болады. Осындай университеттер Австрияда, Германияда, Италияда, Жапонияда, Ұлыбританияда, Үндістанда, Қытайда, тағы да басқа елдерде бар.

Өкінішке орай, біздерде дәл осылай жұмыс істейтін университеттер жоқ. Осыдан 4 жыл бұрын «Кластерлік даму арқылы шикізат өндірмейтін салаларда Қазақстан экономикасын әртараптандыру» бағдарламасы қабылданды. Жеті кластерлік даму салалары айқындалды. Бірақ олардың бірде біреуінің қалыптасуына, даму салаларын анықтауға еліміздегі университеттер мен ғылым орталықтарының тікелей қатысы болмады, жағдай қазір де солай. Әлемде қалыптасқан тетіктер тәжірибесіне сүйеніп құрылмағаннан кейін осы кластерлердің бүгінге дейін аты бар да, заты жоқ. Экономика талаптарымен тиянақты есептеспей, өз бетімен біздегі университеттер де жүріп жатыр. Бұны мен елдегі қалыптасқан білім бері және экономикалық даму саясаттарының олқылығы дер едім.

Бізде кәсіби білімнің әрбір саласын игеру ауқымында да әлем тәжірибесіне сәйкес келмейтін қайшылықтар бар. Мына бір көрсеткіштерге қарап көрейік. Жоғары білімі және толық емес жоғары кәсіптік білімі бар азаматтар Қазақстанда 54 %, Ресей Федерациясында – 50 %, ал енді экономикасы жан-жақты және жоғары технологиялық негізде дамыған Норвегияда – 23 %, Францияда – 24 %, Финляндияда – 25 %, бұрынғы кеңес республикаларының ішіндегі елдерден қазір әлем елдерінде бәсекеге қабілеттілігі жағынан алғашқы 25 мемлекеттің санағына кіретін Эстонияда – 28 %.

Керісінше, техникалық және кәсіби біліммен қамтылған 14-24 аралығындағы жастардың Қазақстандағы үлесі – 17 %, ал Ұлыбританияда – 28 %, Жапонияда – 30, Ресей Федерациясында – 33, Бельгия мен Эстонияда – 34, Оңтүстік Корея мен Жаңа Зеландия елдерінде 48 %-ды құрайды. Қазақстанның өз халқының ішінен жаңа технологиялық негізде істей алатын жұмыс күшінің жетіспей жатқандығының бүгінгі таңдағы бірден бір себебі осыдан. Жастардың орташа кәсіби білімге нашар тартылуы, заман талабына сай оларға білім бере алатын техникалық колледждер мен лицейлердің аздығы (кейбір өңірлерде тіпті жоқтығы) олардың едәуір бөлшегінің жұмыссыздығына әкеліп отыр.

Соңғы 10 жыл ішінде білім беру жүйесіне мемлекет тарапынан бөлінген қаржы 10 есе өсті. Бірақ басқа елдермен салыстырғанда осы салаға мемлекеттік демеу әлі еселеп төмен. Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім алатын әрбір оқушыға жылына 1052 доллар жұмсалады. Осы көрсеткіш Ресей Федерациясында – 1863, Жапонияда – 4194, Францияда – 9113, Германияда – 10573, Норвегияда – 11109 долларды құрайды екен. Осы салаға деген көмек еселеп өспей экономиканы біліммен негіздеу біздерге қиын түсуі мүмкін.

Аталмыш олқылықтардың екінші жағы бар. Ол - өндірістің білімді дамытуға енжарлығы. Көптеген шет елдерде білім мектептеріне өндірістен, кәсіпкерлерден бөлінетін қаржы өте қомақты. Және олардың осындай қамқорлыққа мүдделі болуы жан-жақты заңдастырылған. Бізде әзірше бұндай тәжірибе жоқ. Осы бір жан-жақты қаралып, пәрменді шешімдерді күтіп тұрған мәселе.

«Білім туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы Парламентке келіп түсті. Өкінішке орай, енгізілген жаңалықтар көп емес. Жобада 12 жылдық білім жүйесін 2008 жылдан 2010 жылға ауыстыру, «Тұңғыш Президенттің 20 зияткерлік жобасы» бойынша «Өркен» атты білім беру грантын тағайындау, жоғары оқу орындарын аккредитациялау мәселелерін бәсекеге қабілетті ортаға беру мәселелерінен басқа айтарлықтай өзгерістер жоқ. Сондықтан аталмыш Жоба Парламенттен Үкіметке қайта қайтарылуы немесе Парламентте оны талқылау мерзімі күзгі дейін созылуы мүмкін.

Біздің пікірімізше, аталмыш заң жобасында біріншіден, мектеп мұғалімінің статусы айқындалуы керек. Осыған байланысты басқа елдердегі

заңдар мен нормативтік актілерді сараптап, тиісті ұсыныстарды енгізуіміз керек. Екіншіден, білімнің ұлттық моделін жасау талабы заңдастырылуы керек. Қазақ елінде өзіне тән білімнің ұлттық моделі әлі күнге дейін жоқ. Үшіншіден, білім саласына мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі, оның жылдан жылға өсу деңгейі заңдастырылуы керек. Төртіншіден, білім мен өндіріс салаларының тығыз байланыс тетіктері анықталып, заңға енуі керек. Бесіншіден, білім беретін мекемелерге кәсіпкерлер тарапынан, жалпы бизнес әлемінен көрсетілетін демеу, қамқорлық заң жүзінде қолдау табылуы керек.

Осы қойылған мәселелер дұрыс шешілген уақытта, оларға байланысты тетіктер ұсынылып отырған жобада тиісті орнын алса аталмыш жоба білім беру жүйесін әрі қарай дамытуға оң әсерін тигізері сөзсіз.

Ал, енді министр Шаяхметов тұлғасына қайтіп оралайық. Шәкеңнің саналы өмірінде өте көңіл бөлген, оның жақсы дамуына атсалысқан мәселесі – ана тілі. Тиісті орталық құрылып, халықаралық «қазақ тілі» қоғамын құруға атсалысқандардың бірі емес, бірегейі болды. Аталмыш орталық тіл игеру жөнінде ұтымды әдістемелер жасады. Дегенмен «Ана тілі» орталығының іргесін қалаушының өмірі қысқа болды, ол армандаған көлемді жобалар, келелі істер жасалмай қалды.

Сондықтан да мемлекеттік, яғни, ана тілі мәселелері әртүрлі жиында әлі де жиі көтеріліп жүр. Эксперттер айтқандай, егемен қазақ елінің төл тілі төрге шығу орнына қай мекеменің болса да босағасынан сығалап, есігінде телміреп жүр. Барлық билік орындары мемлекеттік тілді білмейтіндерді тағайындауды жиі көреміз. Қазақ тілі, қанша ұрандасақ та, мектеп тілі болмай отыр. Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстан өңірлерінде қазақ мектептерінің саны аз. Теледидардан балаларға арналған мультфильмдер мен ойындардың дені орыс тілінде.

Мемлекеттік қызметке тұратындарға мемлекеттік тілді білу туралы тиянақты талап жоқ, осындай талап халыққа қызмет ететін салалардың бірінде де жоқ. Мемлекеттік тілді білуге тиіс мамандықтардың тізбесі әлі анықталған жоқ. Тіл туралы алынған құжаттардың әлі күнге жоқтаушысы мен сұраушысы жоқ дер едім.

Қазіргі жағдайда осындай кемшіліктердің барлығын Шайсұлтан Шаяхметов те талай мінбелерден айтып еді. Осы олқылықтарды түзететін, төл тіліміз қосалқы емес, шынайы мемлекеттік тіл болатын мезгіл жетті. Мемлекеттік тіл туралы бұрынғы алынған заңдардың пәрменсіздігінен арылу үшін оларға заман, қоғам талабына сәйкес толықтырулар енгізуіміз керек.

Дәлірек айтсақ:

- мемлекеттік тілдің өмірдің барлық саласында қолданыс аясын кеңітетін заңдық нормалар тууы керек;
- қазақ тілінің жоғары мәртебесін айқын бекітетін, оны ерекше қорғауға алатын заңдық нормалар алынуы керек;
- тіл саясатының орындалуының сұраушысы, жоқтаушысы анықталуы керек. Мүмкін ол басқа елдердегідей тіл инспекциясы болар, олардың

қоятын талабы, олар орындалмай жатса әртүрлі жазалар, жауапқа тарту шаралары заң жүзінде анықталуы керек;

- мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет қызмет салаларының, кәсіптердің, мамандықтардың, лауазымдардың тізбесі жасалып, заңды түрде бекітілуі керек;

- тауарлық белгілер, логотиптер, көрнекті ақпараттық жарнамалар, елді мекендер, көшелер төл тілімізде аталуы керек;

- мемлекеттік тілді дамыту үшін қаржы бөлініп, оның материалдық-техникалық базасын жасақтау кейінгі жылдары қолға алынды. Бірақ бұл маңызды жұмыс әрі қарай да жалғасуы керек.

Осы айтылған, басқа да айтылмаған шаралар қолға алынса ғана мемлекеттік тілді дамытудың толыққанды бағдарламасын жасап, заңды қағидаларын анықтай аламыз. Қорыта айтсақ, ана тілімізді шекараны қорғағандай-ақ қорғауымыз керек. Бұл барша қауымның міндеті, қазақ елінің тілегі, осы тілекке өз үнін аянбай қосқан ел перзенттерінің бірі Шайсұлтан Шаяхметов еді.

*Ш.Шаяхметовтың 70 жылдығына арналған білім беру  
жүйесін жаңғыртудың қазіргі күнгі жолдары тақырыбындағы  
Республикалық ғылыми-практикалық  
конференциясы  
Алматы қаласы, 4 сәуір 2009 жыл.*